



Жамбыл тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



Тәуелсіздікке 25 жыл!

Оқырман шығармашылығына

Жамбыл ата



Авторы: Қосақова Алтынай Қайырдиллақызы Жамбыл медициналық колледжі «Емдеу ісі» бөлімі, 313 топ студенті.

Жамбыл ақын қазақтың өр тұлғасы, Қолынан түспейтұғын домбырасы. Жамбылдың төрінде дүниеге келген, Ұлттың сөзі маржан ұлы тұлғасы.

Өлең сөздің дүлдүлі Жамбыл ата, Сүйінбайдай ақыннан алған бата. Бала кезден өлең-жырға үйір болып, Ақындардың ішінен шыққан дара.

Асқақтаған ақындармен айтысқансыз, Дарабоз жыршылармен жарысқансыз. Кез келген дүлдүлменен сайысқа түсіп, Өрқашан шыншылдықты ұстанғансыз.

Ақындықпен ала жүріп күйшілікті, Осылай өзге де өңірлерге аты шықты. Тапшылмаған еңбегінің арқасында, Қазаққа жыршы деген аты шықты.

Өлеңінді мәңгі сақтап есімізде, Санамызға біліміңді түйеміз де. Жамбылдай ақын бар деп қазағымда, Мақтап айтып жүреміз әркез бізде.

Астана-ел тірегі

Қазақстан жүрегі, Астана- елдің тірегі. Зәулім заңғар ғимарат, Құлпыртып көрік береді.

Жанында Есіл еркелеп, Аспанменен үндескен. Көрдің бе міне, Бәйтерек.

Ақ ордам неткен әдемі, Бейне бір ғажайып әлемі. Еткен еңбек, төккен тер, Жемісін берді киелі.

Назарбаев ағамыз, Басшымыз, әрі данамыз. Болашаққа нық сеніммен Қол ұстасып барамыз.

Астана -жас қаламыз, Келешегі достар боламыз. Ендеше дәл бүгіннен, Жарқын болсын санамыз.

Жасампаздың жемісі, Білім мен өнер кеніші. Көрікті әсем ару қала, Астана көркейіп келеді.

Сарыарқаның төрінде, Бой көтерген Астанам. Жарасып тұр Есілмен, Жас қала, бас қалам.



Тәуелсіздікке- 25 жыл

Тәуелсіздік тойынды тойла Қазақ! Бүгінде Егеменді елсің азат! Сан ғасырлар, аңсаған ата-бабам, Еркіндіктің куәсі бүгінгі ұрпақ. Көркейіп күннен-күнге нұрын шашты, Тәуелсіз, жиырма бес жыл жайып қанат. Асқақтаса аспанда әнұраным, Елтаңбам күллі әлемге танылды анық. Астанам-Сарыарқадан қоныс тепкен, Алыстан көз тартады мен мұңдалап. Көтеріп шаңырағын Елбасымыз, Желбіретіп, көк туды берді қадап. Жаптырды полигонды Семейдегі, Елімнің келешегін терең ойлап, Нұрлы көш бағдарлама түзіп кемел, Оралды Отанына исі қазақ. Енуге елу елдің қатарына, Алдына мақсат қойды, тұрмай қарап, Белгілеп берді бекем шекараны, Келісіп көршілермен тартпай садақ. Алашымнан үш батыр ғарышқа ұшып, Елімнің келешегін келді барлап, Ерлігін Нұрсұлтандай Елбасының, Жүрейік, әрқашанда біз бағалап. «Тәуелсіздік» тұғырын берік ұстап, Табыстау кейінгіге бізге аманат!



Автор: Нұржауова Перизат Толыбайқызы Жамбыл медициналық колледжі «Мейіргер ісі» бөлімі, 106 топ студенті.

Жамбыл тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



Тәуелсіздікке 25 жыл!

Психологиялық апталық



«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты психологиялық апталық. Апталық «Жүректен шыққан жылы сөз жүрекке жетеді» акциясымен басталды. «Жүректен шыққан жылы сөз жүрекке жетеді» акциясына барлық колледж студенттері мен оқытушылары ат салысты, студенттер колледж оқытушыларына, колледжге, топ жетекшілеріне, жалпы ұжымға тілек білдірсе, оқытушылар студенттерге табыстар тіледі. Сағат 10.00-де колледж алаңында белсенді студенттер және 1 курс топтары флеш – моб билеп жақсы көңіл-күй сыйлады.



«Отбасындағы зорлық – зомбылықтың алдын – алу»



Құқық бұзушылықтың алдын – алу жұмысының меңгерушісі Р.Б.Усеновпен өткізілген дөңгелек үстел тақырыбы: "Отбасындағы зорлық – зомбылықтың алдын – алу". Қонаққа Тараз ҚІБ инспектор полиция майоры Е.М. Пискарева келіп, сөз сөйлеп, студенттерге түрлі жағдайларды түсіндірді және студенттер осы тақырып бойынша түрлі сұрақтар қойды.



«Қамқоршылар – мейірімді жандар»

«Өзіңді таны, бағала»

18.11.2016 ж. «Қамқоршылар – мейірімді жандар» тақырыбында колледжіміздің әлеуметтік педагогы А.А.Буксукбаева жетім балалардың қамқоршыларымен кездесу жасады. Осы кездесуге Тараз қаласының білім басқармасының қамқоршы бөлімінің маманы Серкебаева Р.Р. шақырылды.



17.11.2016 ж. «Өзіңді таны, бағала» студенттерге арналған семинар – тренинг ұйымдастырылады. Тренингтің мақсаты: студенттерге өзінің өмірдегі орнын, өмір құндылықтарын сезінуді ұғындыру.



«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік»



ҚР Тәуелсіздігінің 25жылдығы аясында өткізіліп жатқан іс-шаралар ІІІ қабатта фойеде өтетін «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты тақырыпта плакаттар сайысымен жалғасты.



Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



Тәуелсіздікке 25 жыл!

Жастар форумы

29 қараша - 1 желтоқсан аралығында Астана қаласында Республикалық жастар форумы өтті. ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына және 1 желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы күніне орай өтіп жатқан жиынға Н.А.Назарбаев қатысты. Еліміздің ертеңі болар жастарымызға Елбасы үнемі сенім артып, әр жылда өтетін Қазақстан халқына Жолдауында жастар мәселесіне арнайы тоқталып келеді. Жамбыл облысы атынан 42 делегат, Жамбыл медициналық колледжінен жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркимбаева қатысты.



Құқық бұзушылықты алдын-алу

Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркимбаеваның ұйымдастыруымен құқық бұзушылықтың алдын-алу айлығы негізінде флеш-моб өткізді. Колледж студенттері бұл іс-шараға белсене қатысты.



01.11.2016 жылы колледжіміздің «Б» корпусында облыстық оқу-әдістемелік кабинеттің бөлім жетекшісі Г.К.Елемесова мен әдіскер А.К.Даулеткулованың ұйымдастыруымен «Отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың маңыздылығы» атты облыстық оқыту семинарын өткізді.



07.11-30.11.2016 жыл аралығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, «Құқық бұзушылыққа жол бермейік!» тақырыбында «Құқықтық білім беру, құқық бұзушылықтың алдын алу 25 күндігі» өткізілді.

08.11.2016 жылы Колледждің тәрбие, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р.Б.Усенов, колледж психологы Н.Е.Мұхамедиева Тараз қалалық ІІБ ЖПК ЮПТ аға инспекторы Ш.Ш.Юсуповамен кездесіп, кәмелетке толмаған жасөспірімдермен жасалып жатқан қылмыстар туралы әңгіме жүргізді.



22.11.2016 жылы «Патриоттар қозғалысы» ҚБ-нің аға инспекторлары С.Қ.Бақтиярұлы, С.М.Темірлан және бөлім басшысы С.Қ.Қалиевтардың қатысуымен «Қазақстан тәуелсіздік жылында» тақырыбында колледж студенттерімен кездесу өткізілді.



24.11.2016 жылы колледжіміздің құқықтық білім беру мектебінің жетекшісі Д.К.Амирбеков колледж студенттерінің құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында колледж кітапханасында құқықтық білім беру бұрышын ашты.



30.11.2016 жылы Тәрбие, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р.Б.Усенов Тараз қаласы әкімдігі жанындағы жастар ісі жөніндегі Кеңес отырысында «Жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы» және «Мемлекеттік жастар бағдарламаларына студент жастардың қамтылу барысы туралы» баяндама оқыды.

«Қазақстанның болашағы – білімді жастар!»

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Жас Алаш» дебат клубының 2016 жылдың екінші жартыжылдығында 25 қараша күні Тараз инновациялық - гуманитарлық университетінің Ректор кубогына арналған «Қазақстанның болашағы – білімді жастар!» тақырыбындағы облыстық пікірсайыс турнирі өтті. Бұл турнирге 6 фракция қатысып, «Емдеу ісі» бөлімінің 2 курс студенті А.Сабырхан "Үздік төреші" номинациясын және турнирдің бас жүлдесін «Төрағалар» фракциясы 3 курс студенті Е.Серікұлы жеңіп алды. 2 курс студенті Е.Қыпшақбаев осы пікірсайыс турнирінде I орынды жеңіп алып, Ректор кубогын иеленді.



«Көңілді студенттік шақ»

«Көңілді студенттік шақ» жайдарман ойыны өтті, апталықтың қорытынды есебі берілді, яғни жоспарланған жұмыстар өз уақытында өтті және апталыққа белсенді қатысқан студенттерді атап өтті. «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» тақырыбында өткен газеттер сайысында топтар марапатталды. 1 орынға – 101 топ, 2 орынға – 109 топ, 3 орынға – 102, 103 топтар ие болып, ал 106, 111 топтар белсенді қатысқаны үшін марапатталды.



Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



Тәуелсіздікке 25 жыл!

Оқырман шығармашылығынан



Авторы: **Зхия Шұғыла**
Жамбыл медициналық колледжі
«Мейіргер ісі» бөлімі,
105 топ студенті

Тәуелсіздікке арнау

Айтайын келген сөзді тіл ұшына,
Қансыншы көп құлақтың құрышы да.
Азаттықты, Елдікті жырласын деп,
Шабыт жүрек әкеліп отыр мені осында.
Мүшәйраға жиналған жас ақынның,
Жаратқан ырыс қоссын ырысына.
Асылдар мекен еткен атырабым,
Қазақстанның баршаға аты мәлім.
Ерлігіне батырлардың сөз жетпейді,
Шіркін-ай! Мін тағады затына кім?
Тілім жетсе көрейін жырлап мен де,
Желтоқсанның қыршын кеткен батырларын.
Мақтандым, масайрадым, көк тіредім,
Еліме жанға жайлы төкті лебін.
Ерлігін таразыға салмайтындай,
Жаратқан тау мүсіндес тектілерім.
Қыршын кеткен Қайраттай ағамызды,
Осы сөздің дәлелі деп білемін.
Отан үшін қызыл тілін қылыш еткен,
Сабира, Ләззат сынды тектілерім.
Қазағымның қайсар ері қыздары деп,
Мақтандым, жырымменен көк тіредім.
Жарар ед сөз тастасам ой бөлгендей,
Ұласып той үстіне той келгендей.
Егемендік еншімізге тигені бұл,
Бар қазақ даласына ой бергендей.
Қазақ елі ерліктің жыр мекені,
Хан, сұлтаны, батыры алып берген берекені.
Тәуелсіздік мерей тойын тойлап жатқан,
Көрінді кең пейілді ел екені.
Айналдырып думанды ұлы тойға
Мерекеге қосайық мерекені!!!



Авторы: **Қуат Аружан**
Жамбыл медициналық колледжі
«Мейіргер ісі» бөлімі,
107 топ студенті.

Тарих жолында!

Қазақ деген ғұн мен сақтан тарағанбыз
Тарихта алтын атпен қаралармыз
Қаншама қиын тағдыр кешкенменен
Хандықтың туын тіккен бабаларымыз
Отан үшін отқа түсіп жанын берген,
Исатай мен Махамбеттей асыл ерлер.
Ұлылардан тараған текті ұрпақпыз,
Елі үшін соңғы тамшы қанын берген.
Ақ сақалды қария мен аналардың
Әлпештеп аялаған үмітіміз
Біз үшін қолдағының бәрін берген
Қонағын құдайындай құрмет тұтып
Қорадағы жалғыз түйір малын берген.
Ал, қазір егемен ел болып тұрмыз
Тереземіз басқа елдермен тең көрінген
Талайларды шаңымызға иелестіріп
Қазақтың кім екенін дәлелдеген!
Жапырағын жайған рухты, алаш халқым
Күннен-күнге танылып мықты атың
Ұлан ғасыр той жасап тойлаға бер
Мың ғасырға жеткенше асыл даңқың!



Қазақ тілім-Қорғаным

Тілім менің-жүрегімнің бөлшегі,
Ата-бабам мұра қылған еңселі.
Әр адам құрметтесе тек өз тілін,
Патриоты сол болар осы елімнің.
Қазағым тілін сүйген бір халық қой,
Тілімде жүрегімнің мың халқы ғой.
Тілім менің қазағымды даңқты етсе,
Еңсем тік, рухым биік сен қарап қой.
Қазақ деген халық бар сен біліп қой,
Тіл деген қасиетті бір ұрпақ қой.
Қазақ тілі бізден кейін мұра болса,
Сақталып жүректерде мәңгі қалса.
Қуанып қалар еді –ау, ата- баба.
Егерде қазақ мықты халық болса.



Авторы: **Ғалымжанова Гүлназ**
Жамбыл медициналық колледжі
«Мейіргер ісі» бөлімі,
109 топ студенті

Тәуелсіз Қазақстан

Қазақ елі, жасай берсін, жасасын,
Ата-баба тілектері орнасын.
Тәуелсіздік тұғырында бүгін біз,
Әрқашанда Қазақстан жайнасын.
Қазағымның берекесі бүгінде,
Ортаймасын, жер жарсын ел жүзінде.
Барлық адам бақытты ғой бүгінде,
Бақыттымыз тәуелсіздік күнінде.
Қазақстан-Отанымыз, арымыз,
Қолдайық Президентті бәріміз.
Осы күнге жеттік міне, тағы біз,
Алғыс айттық Президентке бәріміз.
Қазақ елі жүректердің төрінде,
Әрбір қазақ мақтанады бүгінде.
Мақтануға тұрады бұл Қазақстан,
Тәуелсіздік ертеңіміз біздің де.
Қазақтың деп мақтанамын, тоймаймын,
Бірлігі бар халықтармен тойлаймын.
Қазағымның мерекесі бітпесін,
Қазақ елін менде ертең ойлаймын.

